

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 21 – 27

UDC 339.37

GLOBALIZATION AND ECONOMIC SECURITY OF THE STATE

K.A. Turkeeva¹, A.Sh. Suleimenova², A.A. Ushurov³¹Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Committee of science Institute of Economics, Almaty;²Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Committee of science Institute of Economics, Almaty;³Master of Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Committee of science Institute of Economics, Almaty
shaimuratovna@mail.ru**Keywords:** national economic security, threats, global economic security.

Abstract. In general, in the article it is identified and supported the importance of global economic threats on the national economy. The opening of borders and the reduction of barriers to increase and improve the goods and capital, the international division of labor and the deepening of the national economy has led to the vulnerability of national markets from world markets for goods, services, technology, labor and capital. So economic security at the national level are not able to protect the country from the negative global implications, so as far as the internationalization of the production of national economic security is more closely linked to global economic security.

УДК 339.37

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ЭКОНОМИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ
ГОСУДАРСТВАК.А. Туркеева¹, А.Ш. Сулейменова², А.А. Ушуров³¹Институт Экономики КН МОН РК, г. Алматы, РК;²Институт Экономики КН МОН РК, г. Алматы, РК;³магистр Института Экономики КН МОН РК, г. Алматы, РК**Ключевые слова:** национальная экономическая безопасность, угрозы, глобальная экономическая безопасность.

Аннотация. В целом в статье определена и обоснована значимость глобальных экономических угроз на национальную экономику. Открытие границ и снижение барьеров для увеличения и улучшения товаро- и капиталоборота, НТР, международное разделение труда и его углубление в национальной экономике привела к уязвимости национальных рынков от мировых рынков товаров, услуг, технологии, труда и капиталов. Следовательно, экономическая безопасность на национальном уровне не в состоянии обезопасить страну от негативных глобальных последствий, поэтому по мере интернационализации производства национальная экономическая безопасность все более тесно связывается с глобальной экономической безопасностью.

Кіріспе. Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөздерінде Қазақстан Республикасы өзара тиімді ынтымақтастық пен қарым-қатынас негізінде әлемдік шаруашылық байланыстың заманауи жүйесіне жүйелі түрде енуі (интеграция) қажет екендігі туралы бірнеше рет айтылды. Сонымен бірге Ел басымен қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер әлемдік шаруашылықтың ғаламдық дамуының тұрақсыздануымен шартталған жаңа сын-қатерлер мен қауіптерге шалдығуына және әлемдік экономикалық дағдарыстың әсерін көбірек сезінуіне ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар ғаламдық даму ұлттық экономикалық жүйенің дамуына жаңа мүмкіндіктерді ашуына байланысты бір қатар жағымды жақтарға ие. Ақпаратты, жаңа білім мен технологияны тарату арқылы қызметтің жаңа түрлерінің өсуі дамушы елдерге еңбекті халықаралық бөлуге қатысуға және ішкі ресурстарды тиімдірек қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен бірге осы үрдіс әлемдегі бар қарама-қайшылықты шиеленістіріп, жаңа сын-қатерлерді тугызады және жаңа қауіптерді қоздырады. Бұл өз кезегінде ұлттық мемлекеттің қызметінің әлсіреуіне және/немесе өзгеруіне және экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеу қаупінің артуына алып келеді. Тауардың сақталуы мен ұсынысының конъюнктуралық баға әсерінен туындайтын әлемдік тауарлық нарықтың тұрақсыздану жағдайында нарықтың конъюнктуралық факторларынан шикізат экономикасының залалды тәуелділігі өседі және алтын

валюталық қорлар мен басқа қаржылық активтердің кему жағдайында мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп туғыздырады.¹

Негізгі бөлім. Ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің қалыптасуы мен қолдау үдерісінде сыртқы және ішкі қауіптердің пайда болу шарттарына назар аудару қажет. Сыртқы – бұл ірі трансұлттық компаниялардың, трансұлттық банктердің қызметі, сонымен қатар ең бірінші кезекте қаржылық және басқа да туу ерекшелігіне ие әлемнің осы немесе басқа бөлігінде пайда болатын әлемдік дағдарыс. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне әсер етудің айтарлықтай дәрежесін ішкі факторлар алады, яғни халықтың тіршілігіне жағымсыз әсер ететін, ұлттық экономиканың дамуына кедергі болатын немесе әлеуетті кедергі болатын жағдайлар мен үдерістер.

Ірі корпорациялар өзінің қаржылық жағдайын қолдана отырып ұлттық экономиканың ең тартымды секторлардан ұлттық инвесторларды ығыстырып, ұлттық өндірушілерге едәуір қысым көрсетеді. Сәйкесінше алға шыққан трансұлттық корпорациялар (ТҰК) өз мүдделерін мемлекеттік мүдделерден жоғары қояды да нәтижесінде ұлттық мемлекеттің рөлі әлсізденеді және қызметтің бөлігі әртүрлі мемлекеттен тыс субъектілерге өтеді.

Статистиканың көрсеткіштеріне сүйенсек әлем бойынша 2014 жылы барлық континенттерде шамамен 810 мың филиалы бар 82 мыңға жуық ТҰК болған. ТҰК әлемнің ірі экономикасының жартысын құрап, 50% әлемдік сауданы және 67% сыртқа сауданы бақылайды.

ТҰК жоғары пайдаға жету мақсатында олардың Қазақстанға орналасуына алып келді. Қазіргі уақытта республикада 18 мыңнан астам шет елдік компаниялар қызмет атқаруда. Оның ішінде 200 астамы ірі компаниялар. 43 компания өңдеу өндірісіне негізделген. 2014 жылдың қорытындысы бойынша осы салаға шет елдік бизнес тарапынан 3,7 млрд. АҚШ долл. салынған. Тау-кенді игеру өндірісі мен карьерлерді өңдеу саласында 29 ірі шет елдік компания жұмыс істейді [1].

Бұл біріншіден, ТҰК қызметі экономиканың әртүрлі салаларындағы ұйымдар мен кәсіпорындарға тікелей шет елдік инвестицияның құйылуымен түсіндіріледі. ТҰК тікелей шет елдік инвестицияның арқасында отандық кәсіпкерлерді тиімді бақылай алады.

Қазақстан белсенді түрде шет елдік инвестицияны өзіне тартуда және әлемнің дамушы елдерінің ішінде тікелей шет елдік инвестицияны (ТШИ) ағымы бойынша көшбасшы болып келеді. 2005 жылдан 2015 жылдың бірінші тоқсан аралығында Қазақстанның ұлттық экономикасына 212 млрд. АҚШ долл. ТШИ тартылды.

Оның ішінде негізгі экспорттаушы елдерді Нидерландия (59,6 млрд. АҚШ долл.), АҚШ (22,1 млрд. АҚШ долл.), Швейцария (13,5 млрд. АҚШ долл.), Қытай (12,9 млрд. АҚШ долл.), Франция (11,4 млрд. АҚШ долл.), Ұлыбритания (11,2 млрд. АҚШ долл.) мен Ресей Федерациясы (9,3 млрд. АҚШ долл.) құрады [2].

Ұлттық экономиканың экспорттың құраушыларына кері әсерін тигізетін дүниежүзілік дағдарыс Қазақстанның экономикасына ерекше қауіп төндіруде. Қазіргі таңда Қазақстан үшін тауар нарығының әлемдік конъюктуралық тұрақсыздығы маңызды сыртқы қауіп-қатері болып табылады.

Сонымен қатар мұнай мен түсті металдар нарығының жағдайын айта кету керек. АҚШ-та тақта тасты мұнай өндірісінің өсуі, Иран елінен жартылай экономикалық санкциялардың алынуы мен Ливиядағы орнаған тұрақтылықтың салдарынан өндірілген мұнай көлемінің өсуі әлемдік мұнай бағасының арзандауына әкеп соқты. Мәселен, 2014 жылдың шілде айында Brent маркалы мұнайдың бағасы 115 долл./баррель құраған болса, 2014ж. аяғы – 2015 ж. басында 50 – 60 долл./баррель түсіп кетті. Бұған қарамастан МЭЭҰ (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) 2014 жылдың қараша айында өткен кездесуде шикізатты өндіру квотасын азайтуға келіспеді. Ары қарай мұнай нарығындағы жағдайдың дамуы көптеген факторларға байланысты. Халықаралық энергетикалық агенттігінің сарапшыларының айтуы бойынша 2015 жылдың аяғында мұнайдың артықшылығы тәулігіне 1 млн. баррелден асуы мүмкін.

Дүниежүзілік банк сарапшылары мұнай нарығындағы жағдайға баға беру арқылы жақын арада мұнай бағасының көтерілмейтіндігі туралы өздерінің баяндамаларында қорытынды жасады. 2015 жыл мұнай бағасының төмен жылы болып, ал 2016 жылы ол сәл ғана өсуі мүмкін. Мұндай жағдай жаңа кен орындарын, оның ішінде тақта тасты мұнай мен теңіз «қара алтынның» өндіруін барлау мен игеру қаупін тұдырады. Осы жылы АҚШ – та мұнай өндіру көлемі 2014 жылмен салыстырғанда минимум 30%-ға төмендейді деп күтілуде.

Канадада да мұнай өндіру айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Барлық мұнайдың шамамен 50%-ін өндіретін бірнеше ірі компаниялар өздерінің шығындарын қысқарту мақсатында өткен жылға қарағанда тәулігіне 300-350 мың баррельге кем мұнайды өндіру туралы жоспарлағандарын жариялады. Бірақ Таяу Шығыстағы

¹ Золотовалютные резервы Казахстана за 2015 г сократились почти на \$11 млрд. Международные резервы Казахстана, включая валовые золотовалютные резервы (ЗВР) Национального банка и активы Национального фонда, за 2015 год уменьшились со 102,452 миллиарда долларов до 91,581 миллиарда долларов (снижение на 10,6%), сообщает ИА «Новости- Казахстан» со ссылкой на Нацбанк. При этом за отчетный период золотовалютные резервы Нацбанка снизились на 3,89%, или на 1,136 миллиарда долларов (до 28,073 миллиарда долларов). Активы Национального фонда за истекший год уменьшились на 13,29%, или на 9,735 миллиарда долларов (до 63,508 миллиарда долларов).

геосаяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты мұнай бағасы уақытша өсуі мүмкін.

Металдар нарығындағы жағдай келесідей. АҚШ-тың Федералды резервті жүйесі (ФРЖ) 2015 жылдың соңғы отырысының алдында ірі банктердің шикізат позицияларының жабуына байланысты Лондонда бағалы металдардың бағасының төмендеуі жалғастырылды.

Одан басқа, Қытай статистикасы металдардың импорттық сұранысының төмендеуін көрсетті, ал Қытайдағы кейбір металдарға ішкі өндірісінің өсуі тек солардың экспортының өсуін ғана растайды. Бұл жағдайға арзан мұнай бағасы қосымша кері әсерін тигізін жатыр. Себебі электр энергиясының құнының төмендеуі жанама түрде металдарды өндірудің өзіндік құнының төмендеуіне әсер етеді.

Әлемдік нарыққа түсті және қара металдарды экспорттайтын әлемдік металдар нарығының конъюнктуралық даму ерекшелігі Қазақстанның да пайдасында емес.

Тәжірибе көрсеткендей, Қазақстанның негізгі экспорт тауарларының келісім-шарттық бағаларының төмендеуі әлемдік бағалардың төмендеуіне тікелей байланысты. Мәселен, дүниежүзілік мұнай бағасының 9,1%-ға арзандауы келісім шарт бағасын 2,8%-ға төмендетіп базалық кезеңде тоннасы 813,2 доллардан 789,7 долларды құрады (2013-2014ғғ.). Мұнай және ғаз конденсатының сандық экспорты 2,4 млн. тоннаға төмендеп, 68,2 млн. тоннаны құрады.

Мыс пен қорғасынның әлемдік бағаларының 6,4% бен 2,1%-ға төмендеуі бұл өнімдердің экспорттық бағаларын сәйкесінше 6,9% бен 5,3%-ға төмендеуіне алып келді. Алтын мен күмістің әлемдік бағаларының 10,3% бен 20%-ға төмендеуі күмістің келісім шарттық бағаларының 33,7%-ға төмендетіп, алтынға 7% -ға өсіртті.

Бағалық және сандық факторлар есепті кезеңдегі экспорт құнының төмендеуіне бірдей дәрежеде ықпал етті. Сонымен қатар экспорт көлемінің өсуі дайын өнімдерді қамтитын келесідей тауарлардан байқалды (кесте 1). Соңғы жылдары өзге тауарлар экспортының бағасы қара металдар экспортының көлемімен салыстырылады және айтарлықтай астық экспортынан асып түседі. Алайда, бұл тауарлар тобының (есептеуіш машиналар, телефондар және басқа да аспаптар мен жабдықтар) негізгі позицияларын ескере отырып, өзге де экспорттың маңызды бөлігі Қазақстанда өндірілмей, қайта экспортталады.

Кесте 1 – Экспорт құнына жеткізілу көлемі мен бағаның өзгеруінің әсері

(ресми статистикалық деректер бойынша 2014 жылды 2013 жылмен салыстырғандағысы)

Тауарлар тобы	Экспорт, млн. АҚШ долл.		Өзгерісі (өсімі (+), төмендеуі (-))	Оның ішінде өзгеруіне байланысты	
	2014	2013		баға	көлемі
Барлық тауарлар	78 237,80	84 700,40	-8%	-4%	-4%
Негізгі тауарлар	75 072,40	81 434,80	-8%	-3%	-5%
Минералды өнімдер	63 833,40	67 872,40	-6%	-3%	-3%
Оның ішінде мұнай мен газ конденсаты	53 630,00	57 249,50	-6%	-3%	-4%
Қара металдар	3 077,90	3 252,50	-5%	-3%	-3%
Түсті металдар	3 904,60	5 385,80	-28%	-7%	-22%
Дәнді дақылдар	1 135,00	1 338,10	-15%	-8%	-7%
Басқа да тауарлар	3 165,40	3 265,60	-3%	-22%	24%

Ескертпе - [3] деректерге негізделіп жасалған

Кесте 2 – Қазақстан Республикасының тауар айналымы

Жыл	Тауар айналымы			Импорт			Экспорт		
	млрд. долл.	АҚШ	Өсім, %	млрд. долл.	АҚШ	Өсім, %	Млрд. долл.	АҚШ	Өсім, %
2010	81,2		100,0	24,0		100,0	57,2		100,0
2011	126,1		55,3	38,0		58,3	88,1		54,0
2012	136,8		8,5	44,5		17,1	92,3		4,8
2013	133,5		-2,4	48,8		9,7	84,7		-8,2
2014	119,4		-10,6	41,2		-15,6	78,2		-7,7

Ескертпе – [4] деректерге негізделіп авторлармен жасалған

Қазақстанның сыртқы тауар айналымының қысқаруына әкелген, мұнай нарығындағы жаһандық ұсыныстың өсуі әлемдік нарық конъюктурасына айтарлықтай әсер етеді. ҚР тауар айналымы 2013-2014

жж. нақтылап айтсақ - 13%-ға жуық төмендеді. Сондай-ақ, экспорт 15,9%-ға, ал импорт - 5,9% төмендеді (2 кесте).

2015 жылдың бірінші жарты жылдығында ҚР экспорты 24,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұл 2014 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 43,4%-ға төмен. Алайда, экспорттың құлдырауы тек шикізат тауарларын жеткізу есебінен ғана емес, сондай-ақ өңделген тауарлар есебінен де болып отыр (3 кесте).

Кесте 3 – Қазақстан Республикасының негізгі экспорттық тауарларының құрылымы

Тауарлардың атауы	қаңтар-маусым 2014, млрд. АҚШ долл.	қаңтар - маусым 2015, млрд. АҚШ долл.	өсім, (%)
Шикі мұнай	29,9	15,2	-49
Мұнай газы	1,7	1,1	-37
Мұнай өнімдері	1,4	0,7	-48
Феррокортепалары	0,9	0,6	-33
Бидай	0,6	0,3	-42
Бидай ұны	0,3	0,2	-13
Темір кендері мен қоспалары	0,6	0,2	-62
Ескертпе - [4] деректері негізінде авторлармен жасалған			

2015 жылдың бірінші жарты жылдығында шикізат тауарлар экспорты 48%-ға, айналым тауарлары 26,3%-ға төмендеген. Сондай-ақ, 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында еліміздің сыртқы сауда айналымы 36,1%-ға (61,8-дан 39,5 млрд. АҚШ долл.), ал сауда теңгерімі 2014 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 63,1% (23,3 ден 8,6 млрд. АҚШ долл.) төмендеген.

Осылайша, экспорттық тауарлардың төмендеуі келесі жағдайларға байланысты:

а) энергоресурстар мен металдарға әлемдік бағаның құлдырауы.

б) ұсыныстың артуына байланысты, әлемдік нарықта сұраныстың азаюы.

Қазіргі жағдайда кәсіпорының табысының төмендеуі өндіріске негізделген корпоративті салық (КПС) түсім деңгейін де төмендеуіне әкелетіндіктен, экспорттық түсімдердің төмендеуі айтарлықтай маңызды өзгерістерге алып келеді. Осылайша, мысалы, мемлекеттік бюджеттегі КПС үлесі 2006 жылы 35%-дан 2014 жылы 21% – ға дейін, ал тұтынуға негізделген ішкі салықтар үлесі төрттен бірге қысқарды (2006 жылы 40%-дан 2014 жылы 30%-ға дейін) [5].

Тәжірибе көрсеткендей, мысалы мұнай бағасы 1 АҚШ долл. төмендеген сайын РФ-ның бюджеті 2 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде жоғалтады [6]. Бізде Қазақстанда, экспортталған мұнайдың бір тоннасының құны 2014 жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 45,8% -ға төмендеген.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта ұлттық валютаның айтарлықтай әлсіреуі еліміздің жалпы экономикалық өсімі және ішкі тұтынуын айтарлықтай төмендеуіне әкелді. ҚР Ұлттық Банктің мәліметтері бойынша, Қазақстанның экономикалық өсімі 2013 жылмен салыстырғанда 1,7% -ға қысқарған. 2014 жылдың ЖІӨ өсімінің көзі экспорт пен импорттың айтарлықтай төмендеуінің есебінен пайда болған таза экспорт болды (2, 4 кестелер).

Экономикалық өсімінің төмендеуінің себептері Қазақстанның ұлттық экономикасының сыртқы жағдайларға жоғары тәуелділігі болып табылады. Атап айтқанда, Ресей мен Қытай ЖІӨ өсу қарқынының тежелуі, Қазақстанда іскерлік белсенділіктің баяулауы, сондай-ақ ҚР үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарының мөлшерінің төмендеуіне әкелді. Шын мәнінде елдің тәуелділігі, ол Қытай мен Ресей Қазақстанның сауда арналары арқылы әсерін тигізетін ірі сауда серіктестері болып табылатындығында.

Кесте 4 – Қазақстан Республикасы ЖІӨ өсімінің құрамдас үлесі

Көрсеткіштер атауы	2011	2012	2013	2014*
Нақты ЖІӨ	7,5%	5,0%	6,0%	4,3%
Үй шаруашылықтары және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарының тұтынуы (НКОДХ)	6,0%	10,6%	8,9%	-2,3%
Мемлекеттік басқару органдарының тұтынуы	1,2%	1,5%	0,2%	0,9%
Негізгі жалпы капитал қалыптастыру	1,3%	3,0%	2,2%	-3,6%
Қор өзгерістері	0,6%	0,9%	0,0%	0,1%
Таза экспорт	-0,6%	-6,6%	-3,2%	3,1%
Статистикалық айырмашылық	-1,0%	-4,4%	-2,1%	-0,5%
Ескертпе - [7] деректердің негізінде құрастырылған				
*алдын ала мәліметтер				

Қазақстан үшін айтарлықтай қауіп, ол Қазақстанның мемлекеттік қарызының артуы болып табылады. Жаһандану жағдайында және қаржы дағдарысы кезеңінде, әлемдік экономикаға Қазақстанның қатысуы жаңа қаржылық қиындықтар тудырады және бұл қиындақтар мемлекеттің өзінің банктер, кәсіпорындар мен ұйымдардың артуына әкеледі. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстанның сыртқы қарызы 39,4% -ға өсіп, 2014 жылы 157,4 млрд. АҚШ долл. құрады (5 кесте).

Кесте 5 – Қазақстан Республикасының сыртқы қарыз құрылымы

Көрсеткіштер	2009		2010		2011		2012		2013		2014	
	млрд. АҚШ долл.	% базалық жылға	млрд. АҚШ долл.	% базалық жылға	млрд. АҚШ долл.	% базалық жылға	млрд. АҚШ долл.	% базалық жылға	млрд. АҚШ долл.	% базалық жылға	млрд. АҚШ долл.	% базалық жылға
Сыртқа қарыз	112,9	100,0	118,2	104,7	125,3	111,0	136,9	121,3	150,0	132,9	157,4	139,4
Оның ішінде:												
Мемлекеттік басқару органдары	2,2	100,0	3,8	172,7	4,5	204,5	4,9	222,7	5,2	236,4	7,3	331,8
Орталық банктер	1,0	100,0	1,0	100,0	0,6	60,0	0,6	60,0	0,5	50,0	1,0	100,0
Банктер	30,2	100,0	19,9	65,9	14,6	48,3	13,5	44,7	11,2	37,1	10,1	33,4
Тікелей инвестициялар: фирма аралық қарыздар	49,6	100,0	52,3	105,4	62,6	126,2	67,6	136,3	74,2	149,6	79,4	160,1
Басқа секторлар*	29,8	100,0	41,2	138,3	43,1	144,6	50,3	168,8	58,9	197,7	59,6	200,0

Ескертпе – [7] деректерге негізделіп авторлармен жасалынған
* Басқа секторлар СҚ жеке статья құрамында көрсетілген фирма аралық қарыздарды қоспайды

Бастапқы жылда сыртқы қарыз соммасы 2013 жылмен салыстырғанда 4,9%-ға өсіп, ЖІӨ-нің 74,2% тең болды. Сыртқы қарыздың негізгі 50%-дай мөлшерінің үлесін фирма аралық қарыз алады. Бірақ, басқа да секторлардың сыртқы қарыздары туралы айта кету керек, негізінен ол ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік секторлардың міндеттемелері. Бұл міндеттемелер соммасы соңғы бес жылда екі есеге (200%-ға) өскен және бүгінгі таңда фирма аралық қарыздардың мөлшерімен пара пар. Нәтижесінде, сыртқы қарыздың қалған бөлігін 50% мемлекеттік қарыздар алады, және де олар қарқынды өсуде.

Бұдан басқа, әлемдік тауар нарығының тұрақсыздану үрдісі, атап айтқанда мұнай саласы мемлекеттік кіріске қатысты мемлекеттік шығынның өсуі нақты мәселелерге әкеледі, бұл мәселенің нәтижесі бюджет тапшылығын арттырумен жалғасады. ҚРҰБ-нің мәліметтері бойынша, мемлекеттік кіріс мөлшері 2014 жылы 5,4 трлн. теңгені құраған (2013 жылмен салыстырғанда өсім мөлшері 7,8%-ды құрады), ал мемлекеттік шығын 7,8 трлн. теңгені құраған (өсім 13,7%). Бюджет тапшылығы – 2,4 трлн. теңгені құрады. Нәтижесінде мұнайлық емес тапшылық қарқынды өсуде (6 кесте).

Кесте 6 – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорындағы түсімдер мен мұнайлы емес тапшылық динамикасы (млн. теңге)

Жыл	Мұнайлы емес тапшылық	Трансферттерді есепке алмағандағы мем.кіріс	ҚРҰҚ-ның түсімдері (тура салықтар)	ҚРҰҚ-ның инвестициялық кірістері	Бюджет тапшылығы
2010	-1 358,0	3 099,1	2 256,3	121,0	-158,0
2011	-1 252,4	4 170,8	3 360,2	57,7	-52,4
2012	-1 836,0	4 433,0	3 411,9	291,4	-456,0
2013	-1 875,9	4 976,9	3 396,5	402,0	-470,4
2014	-2 425,6	5 366,3	3 467,4	1 955,0	-470,6

Ескертпе - [7] деректерге негізделіп авторлармен жасалған

Осылайша, ұлттық экономиканың құрылымдық мәселелері және ағымдағы әлемдік экономика үрдісі ҚРҰҚ-на мұнай доллары түсімдердің төмендеуіне әсер етеді, ал ол өздігінен ҚРҰҚ жинағы баяулауына қауіп төндіреді. Сондықтан, мемлекет үшін "Қашаған" кен орнында мұнай өндіруді жаңарту және "Теңіз" кен орнын кеңейту мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені мұнай секторынан түсетін салықтық түсімдер мөлшері экономика мөлшерлерімен салыстырғанда төмендеуде (2014ж. – 9,1%, 2013ж. – 10,1%, 2012ж. – 11,2% - ға). Дегенмен, әлемдегі мұнай бағасының қазіргі деңгейінде мұнай өндіруді кеңейту бюджет кірістерінің төмендеуін өтей алмайды. 2015 жылы, Қазақстандық экспорт тауарларына деген сұраныстың төмендеуі, әлемдік нарықта болжанған мұнай және металл бағасының төмендеуі жағдайында ҚР экономикасы үшін Қазақстан экономикасы нақты сектор салалары мен қызмет көрсету салаларының ары қарайғы баяулауы негізгі тәуекел болып саналады. Бұл өз кезегінде, Ұлттық қор мен Мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің төмендеуіне алып келеді.

Жиынтық сұранысты қолдау үшін мемлекеттер дағдарысқа қарсы ықпал ету шараларын қабылдады. Мемлекет басшысы 2015-2017 жылдар аралығында жыл сайын Ұлттық қорға 3 млрд. АҚШ долл. дейін қаражат тарту жөніндегі шешім қабылдады.

2015 жылы республикалық бюджетке нысаналы трансферттер арқылы 347,5 млрд. теңге жіберілді. Басталған жобаларды аяқтау және барынша өткір мәселелердің шешімін табу үшін экономикаға Ұлттық қордан 500 млрд. теңге сомасында екінші транш жіберілді, оның 360 млрд. теңгесі – республикалық бюджет арқылы. Экономикаға қосымша ресурстар ағымы тікелей және мультипликативтік макроэкономикалық әсер түзе отырып, салааралық байланыс тізбегі бойынша таралады.

Ұлттық қор қаржысынан алынған екінші транш аясындағы «Нұрлы жол», ИИДМБ екінші бесжылдығы және ШОБ және ірі кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары 2015-2016 жылдары экономикалық өсудің негізгі драйвері болмақ.

Сонымен қатар, әлемдік экономикада дағдарыстық құбылыстар жалғасуда. Көптеген аналитиктердің бағалауы бойынша 2015 жылы ЖІӨ 3% деңгейінде болады деп күтілуде. Әлемнің ең алып экономикасы – АҚШ көшбасшы және өсу локомативі болып қала береді. Алайда, АҚШ-тың Федералды резервті жүйесі АҚШ экономикалық өсімі бойынша болжамдарды 2015 жылы бұрын күтілген 2,6-3%-дан 2,3-2,7%-ға дейін төмендетті. IT және хай-тек өркениетінің өсімі, мұнай өндірудің артуы болжануда. Өсім авиақұрылыс, медициналық тауарлар мен қызмет көрсетулер сынды салаларда байқалатын болады. Бұл ретте АҚШ экономикасы өсімін нығайтуы дамушы нарықтардан капиталдың жаппай кетуіне алып келеді. Жаһандық инвесторлар 2015 жылы АҚШ экономикасына инвестиция сала отырып, төмен тәуекелде көп пайдаға ие болуға мүмкіншілігі болады. Сонымен қатар, АҚШ ФРЖ көбіне дамушы елдерден инвестициялардың құйылуына ықпал ететін «сандық жұмсарту» бағдарламасын қозғады. Дағдарыс жағдайында Қазақстан экономикасы шетелдік капитал түсіміне мұқтаж, ол оны қайта калпына келтіруге мүмкіндік берер еді.

Дағдарыстың салдарлары Еуропа қаржы жүйесінде де байқалуда. Еуропаның 130 ірі банктерінің ішінде 35 банк тұрақтылық критерийлеріне сәйкес келмейді. Экономикалық өсім әлі де қайта келмеді және Еуропа да сандық жұмсарту аясына кіреді. Бюрократия, жоғары салықтар, өспелі әлеуметтік жүктеме және оның мүшелерінің экономиканың түйінді мәселелері жөніндегі ұстанымдарының келіспеушілігін есепке алғанда QE нәтижелерінің болжамы шамалы. Германия 2015 жылы 1%-дан астам өсу көрсеткішін көрсетпек.

Еуро Одақ экономикасының баяу өсімі Қазақстанның экспорттық табысы мен осы елдерден жұмылдыратын инвестиция ағымына кері әсерін тигізетін болады. Жалғаспалы құлдырау аясында Қазақстаннан ЕО елдеріне шығарылатын экспорт заттай көріністе қысқаруы мүмкін, ал мұнайдың рекордты төмен бағасын ескеретін болсақ, 2015 жылы экспорттық кірістері едәуір төмен болады.

Жапония сандық жұмсарту ұзақ бағдарламасы арқылы экономикасын үдетуге тырысаын болады. Оның үлкен борыштық жүктемесі Жапонияның ЖІӨ өсімін таудағы жылдарда 1% шамасында ұстап тұрады.

Қытай 2015 жылы өсу қарқынының ең төмен көрсеткішін көрсетеді. 1990 жылдан бері - 7%-дан сәл ғана артық. Шапшаң өсу үмітіне қарамастан, 2015 жылы Қытай халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ қалыптастырудың абсолюттік көрсеткіштері бойынша АҚШ-тан айтарлықтай артта қалады. Оның үстіне Қытайдың инвестициялық белсенділікпен құрылған ЖІӨ-нің 49% - бұл өндіріс пен тұтынудың ұзақ мерзімді жедел өсіміне қойылған өте қауіпті мөлшерлемесі.

Сонымен қатар, Қытай металдар нарығындағы аса ірі ойыншы болып табылады. Экономиканың баяулауы мен сұраныстың төмендеуі Қазақстандық экспорттың үлкен бөлігін құрайтын метал бағасы деңгейіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Ресей құлдырау кезеңіне кіреді, ресей экономикасының баяулауы мен рубль бағамының құлауы Қазақстанның макроэкономикалық дамуына айтарлықтай ықпал ететін болады. Біріншіден, Қазақстандық экспорт тауарларына ресейлік өнеркәсіп тарапынан сұраныстың төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, арзан рубль Қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне және ресей импортының өркендеуіне мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қорытындылай келе келесідей тұжырымға келуге болады: неғұрлым жаһандану үдерісі өз айналымын көп алған сайын, соғұрлым ұлттық экономиканың бұл үдеріске деген өзара ықпалдастығы мен өзара тәуелділігі өсе береді. Экономикалық қауіпсіздік елді ұлттық деңгейде жағымсыз жаһандық

салдарлардан қауіпсіздендіретін халде болмағандықтан, өндірістің интернационаландыру шамасына қарай, ұлттық экономикалық қауіпсіздік жаһандық экономикалық қауіпсіздікпен тығыз байланысты. Өйткені, шын мәнінде, ұлттық экономикалық қауіпсіздік жаһандық қауіпсіздіктен тек ауқымы, аумақтары мен кеңістігі бойынша ғана ерекшеленеді. Дегенмен, біріншісінің де, екіншісінің де мақсаты субъектілердің осы аумақтар немесе кеңістікте лайықты өмір сүруі үшін жағдай жасалынатын белгілі бір аумақ немесе кеңістік экономикасын қауіпсіздендіруінде болып табылады. Атап айтқанда: кез-келген меншікті оның барлық нысанында қорғау; кәсіпкерлік қызметке арналған сенімді жағдай мен кепілдік жасау; кез-келген ел экономикасына тартылатын инвестиция мен инновацияға арналған қолайлы ахуал қалыптастыру; өндірісті үнемі жаңғыртып тұру; қызметкерлердің кәсіби, білім және мәдени деңгейін арттыру; біз ұлттық және жаһандық экономикалық қауіпсіздіктің бірігуі арқасында қол жеткізетін, әлеуметтік күйзеліс қаупі төніп тұрған табыстарды бөлуде елеулі алшақтыққа жол бермеу.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Электронный журнал Forbes. Режим доступа: <http://www.forbes.com/global2000>
- [2] Отчет о макроэкономической и финансовой конъюнктуры РК за 2014 год подготовленный Национальным Банком Республики Казахстана
- [3] Отчет Национального банка РК «О платежном балансе и внешнем долге Республики Казахстан за 2014 год» / май 2015г.
- [4] Анализ состояния внешней торговли Казахстана за 1 полугодие 2015 года проведенный АО «Национальное агентство по экспорту и инвестициям «KAZNEX INVEST»
- [5] А. Тайбекулы, Налоговая система Казахстана: решения и вызовы// Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации// Декабрь 2015 г
- [6] <http://www.info-tses.kz/news/kazakhstan-sidit-na-neftyanoy-igle/>
- [7] Официальный сайт Министерства по инвестициям и развитию - <http://www.mid.gov.kz/ru>

REFERENCES

- [1] Elektronii jurnal Forbes. Rejim dostupa_ <http://www.forbes.com/global2000>
- [2] Otchet o makroekonomicheskoi i finansovoi konyunkturi RK za 2014 god podgotovlennii Nacionalnim Bankom Respubliki Kazahstana
- [3] Otchet Nacionalnogo banka RK «O platejnom balanse i vnesnem dolge Respubliki Kazahstan za 2014 god» mai 2015g.
- [4] Analiz sostoyaniya vneshnei trgovli Kazahstana za 1 polugodie 2015 goda provedennii АО «Nacionalnoe agentstvo po eksportu i investiciyam «KAZNEX INVEST»
- [5] A. Taibekuli_ Nalogovaya sistema Kazahstana_ resheniya i vizovi_ Institut mirovoi ekonomiki i politiki pri Fonde Pervogo Prezidenta Respubliki Kazahstan – Lidera Nacii_ Dekabr 2015 g
- [6] http://www.info-tses.kz/news/kazakhstan_sidit_na_neftyanoy_igle/
- [7] Oficialnii sait Ministerstva po investiciyam i razvitiyu_ <http://www.mid.gov.kz/ru>

ЖАҢАДАНУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

К.А. Туркеева¹, А.Ш. Сулейменова², А.А. Ушуров³

¹ҚР БҒМ ҒК Экономика институті, Алматы қ.

²ҚР БҒМ ҒК Экономика институті, Алматы қ.

³ ҚР БҒМ ҒК Экономика институтінің магистрі, Алматы қ.

Түйін сөздер: ұлттық экономикалық қауіпсіздік, қауіп-қатерлер, жаһандық экономикалық қауіпсіздік.

Аннотация. Мақалада жаһандық экономикалық қауіп-қатерлердің ұлттық экономикаға әсер етуі анықталып, түсіндірілген. Тауар мен капитал айналымын ұлғайту мен жақсарту мақсатында шекаралық кедергілердің азаюы, ҒТП дамуы, халықаралық еңбек бөлінісі және оның ұлттық экономикада тереңдеуі ұлттық нарықтың әлемдік тауар, қызмет көрсету, технология, еңбек пен капитал нарығына айтарлықтай тәуелденіп жатқанын аңғарамыз. Ендеше ұлттық деңгейдегі экономикалық қауіпсіздік елде болып жатқан жаһандық жағымсыз нәтижелерден қорғай алмайды. Сондықтан да өндірістің интернационалдана түсуі ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің жаһандық экономикалық қауіпсіздікпен тығыз байланысуын мәжбүрлейді.

Поступила 25.04.2016 г.